

Жеке тұлғалардың кірістері туралы декларацияларды және кірістері мен мүліктері туралы декларацияларды жою туралы

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 27 маусымдағы N 841 Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің 2001 жылғы 27 маусымдағы N 504 Бірлескен бұйрығы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 29 маусымда тіркелді. Тіркеу N 1557

"Олардың ақшаларын жария етуге байланысты Қазақстан Республикасының азаматтарына рақымшылық жасау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 25 маусымдағы N 860 P010860_ қаулысының 4-тармағын орындау үшін

Б Ұ Й Ы Р А М Ы З :

1. Облыстар, Астана және Алматы ққ. бойынша салық комитеттерінің төрағалары 2001 жылдың 31 маусымға дейінгі мерзімде:

1) 1995-2000 жылдарға және декларацияға қосымша ретінде өзге де растайтын құжаттарды, сондай-ақ оларды аудандар, қалалар және қала аудандары бойынша салық комитеттерінде тіркеу (бұдан әрі - декларация) жөніндегі журналдарды "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Z952235_ ҚР Заңының 49-бабы 1-тармағының 2)-6) тармақшаларында аталған жеке тұлғалардың кірістері туралы декларацияларды және кірістері мен мүліктері туралы мәліметтерді жинауды және қаттауды. Декларациялар олардың түрлері және жылдары бойынша қатталуы керек. Әрбір қаттамада мынадай деректер болуы керек: салық комитетінің атауы, декларациялардың (журналдардың) түрі және жалпы саны, парақтарының жалпы саны, сондай-ақ қаттаманың жеке (реттік) нөмірі. Қаттама салық комитетінің бірінші басшысының қолымен мөрленуі керек;

2) декларацияларды декларациялар мен парақтардың жалпы саны және қаттамалардың саны көрсетілетін, комиссия төрағалары қол қоятын қабылдау-беру актілері негізінде 2001 жылғы 25 маусымдағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Олардың ақшаларын жария етуге байланысты Қазақстан Республикасының азаматтарына рақымшылық жасау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" N 860 P010860_ қаулысына сәйкес құрылған Декларацияларды жою жөніндегі комиссияға (бұдан әрі - Жою жөніндегі комиссия) беруді қамтамасыз етсін. Беруді тікелей салық комитетінің бірінші басшысы жүзеге асырады.

3) декларацияны жинау, қаттау мен беру жөніндегі жұмыстар үшін аудандар, қалалар және қалалардағы аудандар бойынша салық комитеттерінің бірінші басшылары дербес жауапкершілікте болады.

2. Жойылуға декларацияның қағаз түріндегі де, сонымен электронды тасымал түрі де жатады. Декларацияның электронды көшірмелерін жою үшін Жою жөніндегі комиссияға дерек қорын пайдалануға мүмкіндік берілуі тиіс. Жою фактісі тиісті актімен хатталады.

3. Облыстар, Астана және Алматы ққ. Бойынша ІІБ (ҚІБ) бастықтары жүкті (декларациялардың) күзеті, ілесу және Жою жөніндегі комиссиясы белгілеген оларды жою орнына жеткізуді қамтамасыз етсін.

4. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесі туралы 2001 жылдың 1 тамызына дейін ҚР ІММ Қоғамдық қауіпсіздік департаментіне және ҚР МКМ Әкімшіліктендіру департаментіне есеп берсін. 5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау ҚР Мемлекеттік кіріс Вице-министрі Қ.А. Нұрпейісов пен ҚР Ішкі істер Вице-министрі С.Н. Баймағанбетовке жүктелсін. Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрі Ішкі істер министрі Мамандар: Омарбекова А.Т. Икебаева
Ә . Ж .